

жәнежелілік дамымауына байланысты интуитивті түсіну үшін қиындық туғызатын «күрделі инновациялар» бар. Бұл оларға инновацияның басқа түрлерінен ерекшелейтін бірегей қасиеттер береді. Басқа зерттеушілер инновациялардың радикалды немесе инкременталды дихотомиясын қолданады: радикалды инновациялар (оларға ОБЦВ-ларды жатқызуға болады) нарық табиғатын түбегейлі өзгертеді, бұл ретте олардың нәтижелерін болжау өте қиын.

Бастаманың нәтижелері себептілікті бағалау әрекетінен әлдеқайда жақсы

Қиын жағдайларда қандай да бір жобалардың табыстылығының себептерін анықтау процесі өте мәселелі болуы және жаңылыстыруы мүмкін. Оның үстіне, күрделі жүйелер туралы ғылым (complexity science) бағаланатын жағдайлардың әрқашан желілі емес екендігін және кері байланыстың көптеген тізбектерін қамтитынын көрсетеді.

Дегенмен, инновациялық жобаларды бағалау жөніндегі мамандар әлі де қоғам мен инновациялардың өзара іс-қимылын бақылаумен, сондай-ақ зерттеулердің осындай өзара іс-қимылдарға тікелей әсерін мониторингтеумен айналысады. Осылайша, көбінесе жобаларды бағалау тым шектеулі болып қалады және ол, мәселен, жалпы ұйым есебінен қосалқы жүйені жақсарту сияқты субоптимизацияға әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайларда эксперименттік бағалау – пилоттық жобалар немесе прототиптер себеп-салдарлық байланыстың барлық ықтимал және барынша толық индикативтік көрсеткіштерін береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Central Bank Digital Currency tracker, Atlantic Council, June 2022. [Online]. Available: <https://www.atlanticcouncil.org/cbdctracker/>. [Accessed: 04-Jun-2022].

2. <https://nationalbank.kz/ru>

3. C. Boar, A. Wehrli & Bank for International Settlements. Ready, steady, go? Results of the third BIS survey on central bank digital currency, BIS Working Papers, no. 114. January 2021. [Online]. Available: <https://www.bis.org/publ/bppdf/bispap114.pdf>. [Accessed: 04-Jun-2022].

4. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. -2020.-09 желтоқсан.

5. <https://bilim-all.kz/article/5668>

Цифрлық тенге: енгізудің алғы шарттары мен тәсілдері

А. А. Абаев¹, Р. Қ. Тешебай²

¹Қаржы кафедрасының профессор ассистенті, PhD

²«Қаржы» мамандығы бойынша 4 курс студенті

teshebairanu@mail.ru

^{1,2}академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Мақала тақырыбы қазірге таңда өзекті болып табылады, себебі қазіргі әлемде инновациялар мен цифрлық технологиялар ел экономикасын дамытуда маңызды рөл атқарады. Цифрлық технологиялар бірқатар артықшылықтарға ие болды: халық пен бизнестің мемлекеттік қызметтерге қол жеткізілуін оңайлатып, ақпарат алмасуды жеделдетті, бизнес жүргізу үшін жаңа мүмкіндіктер ашылды. Цифрландыру үрдісі мемлекетіміздің экономикасы үшін, оның ішінде цифрлық технологияларды пайдалануда қаржы секторының түбегейлі жаңа бағытқа инновациялық болашақтың цифрлық экономикасына көшуі үшін жағдайлар жасайды. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің хабар-лауынша, елдегі ең танымал fintech бағыттар – электронды төлемдер, аударымдар, валютаны конвертациялау және онлайн-сақтандыру сегменттері ІТ-мен интеграциялауды бастап кетті. Цифрлық теңгені енгізу үшін іс жүзінде ешқандай қауіп жоқ, бірақ мұнда әлемдік тәжірибе мен технологияларды ескеру қажет, егер оны тиімді пайдалану

мүмкін болса, прогресті үнемдемеу керек. Валютаның мұндай түрі заманауи және технологиялық тұрғыдан дамыған».

Кілт сөздер: цифрлық тенге, жүйе, инфрақұрылым, қаржы ұйымдары, карточка, төлем, жергілікті төлем.

Цифрлық тенге – бұл электрондық нысанда эмиссияланатын және нарыққа қатысушылармен бірлесіп екі деңгейлі қаржы архитектурасы шеңберінде таратылатын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк міндеттемесі. Цифрлық тенгені шот немесе токен түрінде ұсынудың технологиялық мүмкіндігі бар. Цифрлық тенге бөлшек (retail) және көтерме (wholesale) есеп айырысу үшін пайдаланылуы мүмкін. 2021 жылы пилоттық жоба аясында бөлшек есеп айырысуда пайдалану үшін Цифрлық тенгенің токен түріндегі нысаны сынақтан өтті.

Цифрлық тенге Қазақстан Республикасының қосымша төлем құралы бола алады. Бұл ретте Цифрлық тенге платформасы қолма-қол ақшасыз есеп айырысу үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы төлем жүйелерімен қатар Цифрлық тенге мен төлемдерді және аударымдарды жүргізу үшін инфрақұрылымды қамтамасыз етеді. Цифрлық тенге енгізу тәсілін пысықтау кезінде қолданыстағы жеке және банкаралық төлем жүйелерінің сипаттамалары мен ерекшеліктерін және Цифрлық тенге платформасының болжамды ерекшеліктері мен сипаттамаларынан айырмашылығын ескеру маңызды.

Ұлттық Банкаралық ақша аудару жүйесі (БААЖ) және Банкаралық клиринг жүйесі (БКЖ) Қазақстандағы барлық қолма-қол ақшасыз төлемдер үшін базалық инфрақұрылымды ұсынады. 2020 жылдың қорытындысы бойынша:

- БААЖ банктердің және банктік емес қаржы ұйымдарының, валюта нарығы, бағалы қағаздар нарығы қатысушыларының B2B төлемдерінің 90%-ын қамтамасыз етеді.

- БКЖ коммерциялық банктер мен банктік емес қаржы ұйымдарының B2B қолма-қол ақшасыз төлемдер көлемінің 63%-дан астамын қамтамасыз етеді.

Жеке төлемдер саласында Қазақстанда халық пен бизнес пайдаланатын мынадай маңызды төлем жүйелерін бөліп көрсету қажет:

- карточкалық төлемдер жүргізуді қамтамасыз ететін халықаралық төлем жүйелері
- жекелеген банктердің жеке жергілікті төлем жүйелері
- Ұлттық төлем жүйесі – Лездік төлемдер жүйесі.

Цифрлық тенге нарық қатысушыларының жаңа төлем сервистерін құру мүмкіндігін және оффлайн режимде қолма-қол ақшасыз есеп айырысу мүмкіндігін ұсыну арқылы бөлшек төлемдердің қолданыстағы инфрақұрылымын толықтыра алады. Бұл ретте, цифрлық тенгенің нысаналы платформасында қазіргі төлем инфрақұрылымымен интероперабельділік қамтамасыз етіледі.

Қазақстандағы карточкалық төлемдер:

Қазақстандағы карточкалық төлем жүйелері негізінен Visa және Mastercard – екі негізгі халықаралық карточкалық схемалармен әріптестікте коммерциялық банктер шығаратын және төлеуге қабылдайтын карталармен ұсынылған (сонымен қатар American Express, Diners Club, UnionPay, Мир сияқты басқа да халықаралық карточкалық жүйелер тіркелген және жұмыс істейді). Карточкалық төлемдер мен аударымдар қолма-қол ақшасыз төлемдердің ыңғайлы құралы болып табылады және азаматтар мен бизнес қажеттіліктерінің толық спектрін қамтиды.



Сурет 1. Қазақстандығы төлем карталарын шығару және пайдалану серпіні, млн дана

ҚРҰБ-нің 10.12.2021ж. деректері бойынша:

Карточкалық транзакциялар саны (оларға халықаралық карточкалық схемалар бойынша, сол сияқты жергілікті банктік жүйелер бойынша транзакциялар жатады) 2018 жылғы 232 млн транзакциядан 2021 жылы 2,88 млрд транзакцияға дейін ұлғайды. Бұл транзакциялардың ақшалай көлемі сол кезеңде 3 трлн теңгеден 35,3 трлн теңгеге дейін өсті.

Транзакциялардың орташа сомасы: 2018 жылғы 13,1 мың теңгеден 2021 жылғы 12,3 мыңтеңгеге дейін шамалы қысқарды. Бұл инфляцияға қарамастан карточкалық төлемдердің одан әрі дамуын көрсетеді.

Қазақстандағы жергілікті банктік төлем жүйелеріне банктердің экожүйесі ішінде төлем жасауды немесе аударуды қамтамасыз ететін банк жүйелері жатады. Мұндай төлем жүйелері жабық болып табылады, өйткені олар төлемге бастамашылық жасайтын және қабылдайтын тарап бір банктің клиенттері болған кезде транзакцияларының қандай да бір нұсқасын пайдаланады.

Жергілікті жүйелер ішіндегі қолма-қол ақшасыз транзакциялардың саны мен көлемі соңғы жылдары 2018 жылғы 27 млрд теңгеден және 30 мың транзакциядан 2021 жылғы 25,6 трлн теңгеге дейін және 1,98 млрд транзакцияға дейін күрт өсті.

Жергілікті жүйелердегі транзакциялар саны бойынша, сол сияқты көлемі бойынша халықаралық карточкалық схемалардың карталары бойынша транзакциялардан екі еседен аса көп екенін атап өткен жөн. Осылайша, 2021 жылы жергілікті банктік жүйелер ішінде жасалған 25,6 трлн теңге сомасына жоғарыда аталған 1,98 млрд транзакциямен салыстырғанда, халықаралық карточкалық жүйелер арқылы көлемі 9,7 трлн теңге болатын 899 млн транзакция жүргізілді.

Лездік төлем жүйесі жеке мезеттік төлемдер мен аударымдарға арналған инфрақұрылымды ұсынады. Бұл жүйелердің артықшылығы – соңғы пайдаланушылар үшін транзакциялардың қолжетімді және жылдам болуы, шектеуі – оған банктердің қатысуына тәуелді болу.

Қазақстан нарығындағы төлем инфрақұрылымының әртараптандырылған көрінісі және қолма-қол ақшасыз операциялар көлемінің серпінді өсуі жаңа төлем құралдарын дамыту және төлемдерді одан әрі цифрландыруға арналған мүмкіндіктерді көрсетеді. Цифрлық теңге пайдаланушыларға қосымша функционалдылық пен төлем құралдарын ұсына отырып және қаржы нарығының бәсекеге қабілетті дамуына жағдай жасай отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы төлем жүйелерін сәтті толықтыра алады.

Әдебиеттер тізімі

1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. -2020.-09 желтоқсан.

2. Төлем карточкалары және электрондық банк қызметтері [Электрондық ресурс] // Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми сайты. - Қол жеткізу режимі: nationalbank.kz/ru/news/elektronnye_bankovskie-uslugi?page=1 (қол жеткізілген күні: 10.12.2021).

3. <https://nationalbank.kz/ru>

4. Monetary Authority of Singapore and Accenture, Project Ubin (2016 – 2021)

5. <https://www.mas.gov.sg/schemes-and-initiatives/project-ubin>

Цифрлық экономика: мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін цифрландырудың шетелдік тәжірибесі және оны Қазақстанда қолдану мүмкіндіктері

А.А.Абаев¹, У.Н.Шакмурат²

¹Қаржы кафедрасының профессор ассистенті, PhD

²«Қаржы» мамандығы бойынша 4 курс студенті

aidos_men@mail.ru, ushakmurat@mail.ru

^{1,2}академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқыны жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау болып табылады.

Кілт сөздер: цифрлық экономика, цифрлық трансформациялау, «General Electric», «Electrical and electronics engineering», «Microsoft», «Silicon Valley Bank», «Google», «McKinsey Global Institute», «Home Shopping Network», цифрлық инклюзия.

Осы мақсатқа қол жеткізу дамудың екі бағыты бойынша жүруді білдіреді: «Қазіргі экономиканы цифрландыру»-нақты сектордағы нақты жобалардан тұратын прагматикалық бастауды қамтамасыз ету, экономиканың қазіргі салаларын, мемлекеттік құрылымдарды цифрландыру және оларды технологиялық қайта жабдықтау жобаларын іске қосу және цифрлық инфрақұрылымды дамыту.

«Болашақтың цифрлық индустриясын құру» - адами капиталды дамыту деңгейін көтеру, инновациялық даму институттарын құру және жалпы алғанда, цифрлық экожүйені қарқынды дамыту есебінен ұзақ мерзімді орнықтылықты қамтамасыз ету, елдің цифрлық трансформациялауды іске қосу.

2018-2022 жылдар кезеңінде іске асырылатын Бағдарлама еліміздің флагмандық салаларын технологиялық жаңғыртуға қосымша серпін беруді қамтамасыз етеді және еңбек өнімділігінің ауқымды және ұзақ мерзімді өсуіне жағдай жасайды.

Бағдарламаны іске асырудың бес негізгі бағыты:

1.«Экономика салаларын цифрландыру»- еңбек өнімділігін арттыруға және капиталдандырудың өсуіне алып келетін озық технологиялар мен мүмкіндіктерді пайдалана отырып, Қазақстан Республикасы экономикасының дәстүрлі салаларын түрлендіру бағыты.

2.«Цифрлық мемлекетке көшу» - қажеттіліктерін күні бұрын біліп халық пен бизнеске қызмет көрсету инфрақұрылымы ретінде мемлекеттің функцияларын түрлендіру бағыты.

3.«Цифрлық Жібек жолын іске асыру»- ішкі контур үшін де, Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін іске асыру үшін деректерді берудің, сақтаудың және өңдеудің жылдамдығы жоғары және қорғалған инфрақұрылымын дамыту бағыты.

4.«Адами капиталды дамыту»- жаңа жағдайға - білім экономикасына көшуді қамтамасыз ету үшін креативті қоғам деп аталатынды құруды қамтитын түрлендіру бағыты.